



Құрметті студент!

2018 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050400	«Журналистика»	1. Қазақ журналистикасының тарихы 2. Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі 3. Телерадиожурналистика 4. Интернет – журналистика және жаңа медиа

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Қазақ журналистикасының тарихы
 - Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі
 - Телерадиожурналистика
 - Интернет – журналистика және жаңа медиа
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Қазақ журналистикасының тарихы

1. Енесей, Орхон жазба ескерткіштерін зерттеген ғалым Ғұбайдолла Айдаровтың еңбектері:

- A) «Ежелгі жәдігерліктер» (1950)
- B) «Асыл арналар» (1988)
- C) «Көне ұйғыр жазба ескерткіштері» (1991)
- D) «ҮШ Ғ. Күлтегін» (1992)
- E) «Күлтегін» ескерткіші» (1995)
- F) «Ескерткіштен бір бөлек» (1995)

2. Ежелгі үйсін жазба ескерткіштерін зерттеуші ғалымдар:

- A) З. Тайшыбай
- B) Ғ. Айдаров
- C) Қ. Бекхожин
- D) Т. Досанов
- E) М. Жолдасбеков

3. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ басылымдары жарық көрген ірі қалалар:

- A) Ташкент
- B) Ақтау
- C) Ақтөбе
- D) Қызылорда
- E) Қызылжар

4. «Жас қазақ» ұйымының басты қызметі:

- A) «Алаш» партиясын құру
- B) қазақ баспаханасын құру
- C) әйел теңдігі мәселесін шешу
- D) «Тіршілік» газетін шығару
- E) «Айна» журналын шығару

5. «Қазақ» газетінде (1914 ж) мектеп, медресе жайында жарияланған мақалалар:

- A) «Жоғалсын, Романовтар!»
- B) «Мектеп керектері»
- C) «Бастауыш мектеп»
- D) «Ұлтты сүю»
- E) «Философия жайынан»
- F) «Оқушыларға өтініш»

6. Ұлт тәуелсіздігін жоқтап, отаршылдық езгіге қарсы тұрған тұңғыш қоғамдық-саяси «Жас азамат» газеті:

- A) шығарушы редакторы Қошке Кемеңгерұлы болды
- B) тұңғыш балалар басылымы болды
- C) Б.Майлин әдеби қызметкер ретінде көрінді
- D) отырықшылық мәселесін көтерді
- E) ауыл шаруашылығы мәселелерін жазды

7. Ахмет Байтұрсыновты айыппұл төлеуге немесе түрмеде отырғызуға негіз болған публицистикалық мақалалар:

- A) «Жұртқа қайтсең жағасың»
- B) «Үлгі боларлық іс»
- C) «Бұл қалай?»
- D) «Өлең-жыр жазылса екен»
- E) «Алашқа»

8. Қазіргі таңдағы қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші ғалымдар:

- A) Қырықбай Аллаберген
- B) Дихан Қамзабекұлы
- C) Какен Камзин
- D) Зейнолла Бисенғали
- E) Рахима Бегімтаева
- F) Аманқос Мектеп

9. Қазақтың тұңғыш библиограф-ғалымы Үшкілтай Сұбханбердинаның қазақ баспасөзінің тарихы туралы жазған зерттеу еңбектері:

- A) «Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер» /1956/
- B) «Алаш қозғалысы» /1995/
- C) «Жыл құстары» /1991/
- D) «Сатира негіздері» /1996/
- E) «Дала уәлаятының газеті» /1988/
- F) «Қарлығаш қаламдастар» /1993/

10. Руника жазуының «Пішін» таблицасының ерекшеліктері:

- A) электронды ақпараттың үлгілерін байқаймыз
- B) бабаларымыздың философия, теология, мифологиясы қамтылған
- C) пішінде рулық таңбалар аңғарылады
- D) химиялық және физикалық формулалар көрсетілген
- E) түркілердің ежелгі құпия ілімі сақталған бітіктер

11. Ежелгі руникалық жазулардың V-VII ғасырда пайда болғандығын дәлелдейтін деректер:
- A) Есік қорғанындағы Алтын адам жанынан табылған күміс тостағандағы жазу
 - B) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры
 - C) Күлтегін, Тоныкөк жазулары
 - D) Абайдың «Біреп сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» тарихи зерттеу мақаласы
 - E) Жиренше шешен туралы аңыздар
 - F) Қожа Ахмет Яссауи кесенесі
12. Профессор Темірбек Қожакеевтің ғылыми еңбектері:
- A) «Көк сеңгірлер»
 - B) «Қазақ баспасөзінің даму жолдары»
 - C) «Қазақ журналистикасы»
 - D) «Сара сөздің сардарлары»
 - E) «Қазақ публицистикасының даму жолдары»
 - F) «Жыл құстары»
13. Ы.Алтынсариннің «Қазақ даласындағы ашаршылық жылында» атты мақаласында қозғалған мәселелер:
- A) жұтқа ұшыраған қазақтар
 - B) қазақтардың өміріндегі қоғамдың жағдайлар
 - C) қыстаудағы ауыл шаруашылық жайы туралы
 - D) шаруашылығы күйзелген қазақтар
 - E) аштық жайлаған қазақ ауылы
14. Шоқан Уәлихановтың публицистикалық еңбектері:
- A) «Қазақ даласындағы ашаршылық жылында»
 - B) «Алтышардың жағдайы туралы»
 - C) «Қазақстандағы шамандықтың қалдығы»
 - D) «Қыпшақ Сейіткүл»
 - E) «Қазақтағы бақсылықтың қалдығы»
 - F) «Қазақ тілінше жазу туралы»
 - G) «Қазақтың қазақтар туралы жазбалы»
15. «Әйел теңдігі» (1926) журналына жарияланған мәселелер:
- A) қалың мал
 - B) әліпби
 - C) тіл тазалығы
 - D) танымдық
 - E) соғыс
 - F) әмеңгерлік
 - G) надандық

16. Алғашқы майдандық газеттердің басшылары:

- A) Үмбетбай Уайдин
- B) Құрманбек Сағындықов
- C) Жүсіп Алтайбаев
- D) Ғаббас Қабышев
- E) Оспанхан Әубәкіров
- F) Ахмет Елшібеков

17. Қазақ тілінде жарық көрген алғашқы майдандық газеттер:

- A) 1944 ж. «Жауға қарсы аттан!»
- B) 1945 ж. «Қазақ елі»
- C) 1942 ж. «Отан үшін»
- D) 1941 ж. «Қызыл әскер»
- E) 1943 ж. «Жауынгер»
- F) 1944 ж. «Социалды тұрмыс»

18. «Білім және еңбек» журналының редакторлары:

- A) Әбу Төкенов
- B) Қалдарбек Найманбаев
- C) Төлеш Сүлейменов
- D) Талап Сұлтанбеков
- E) Самат Өтениязов
- F) Алпысбай Шымырбаев
- G) Мақаш Тәтімов

19. Әлкей Марғұланның «Білім және еңбек» (1960) журналында жариялаған «Шоқан – қазақтың тұңғыш ғалымы» атты мақаласының тақырыпшалары:

- A) «Қашқарды ашқан Колумб»
- B) «Асыл мұра»
- C) «Жақсыдан ғибрат»
- D) «Даланың жарық жұлдызы»
- E) «Ғажайып от ошағында»
- F) «Ғылым көкжиегі»
- G) «Шығысты тұңғыш танытқан»

20. Алғашқы қазақ кітап басылымдары жарық көрген қалалар:

- A) Мәскеу
- B) Қарағанды
- C) Уфа
- D) Көкшетау
- E) Петербург

21. Қайта құру жылдарында жарық көрген «Өркен» газеті:
- A) құрылтайшысы Баспасөз министрлігі мен редакция ұжымы болды
 - B) тұңғыш саны Қазан төңкерісінің 70 жылдығына арналды
 - C) қазақ студенттеріне арналған алғашқы басылым
 - D) Алматы қаласы әкімшілігінің газеті
 - E) редакторларының бірі Сарбас Ақтаев болды
 - F) «Дала дидары» газетінің қосымшасы ретінде жарық көрді
 - G) қоғамдық-саяси экономикалық басылым
22. «Арай» журналының «Үлпершек» айдарының шығу себептері:
- A) жастарымызды бір тілек, бір мақсатқа жұмылдыру
 - B) қолөнер бұйымына тиесілі
 - C) қазақта үлпершек деген астың түрі бар
 - D) қазақтың ұлттық аспабының атауы
 - E) спорттық ойын түрі
 - F) қазақтың ұлттық киіміне байланысты сөз
23. Қазақстан Республикалық мемлекеттік газеті «Егемен Қазақстан»:
- A) әдеби-педагогикалық басылым
 - B) «мектеп», «партия», «кәсіподақ» деген бөлімдері болды
 - C) Қазақстан жастар одағының басылымы
 - D) 1919 жылы Орынборда жарық көрген «Ұшқын» газетінің жалғасы
 - E) «Ақиқат» журналының қосымшасы болды
 - F) Президент, үкімет бақылауымен жарыққа шықты
 - G) тіл, экономика, экология, салт-дәстүр тақырыбы қозғалды
24. 1991 жылдың 7 ақпанынан бастап шыға бастаған «Ақ босаға» газеті:
- A) Қазақстан мұсылман әйелдері одағының органы болды
 - B) халыққа дәрігерлік көмек көрсетті
 - C) «Арай» журналының қосымшасы ретінде жарық көрді
 - D) ғарыш, астрономия мәселелері қозғалды
 - E) алғашқы редакторы Шолпан Ұғыбайқызы
 - F) Алматы қаласының ішкі істер министрлігі оның құрылтайшысы болды
 - G) «Ғылым лабораториясында» деген айдары болды

25. «Қазақ журналистикасының тарихы» (2010) атты оқу құралының авторлары:

- A) Қ. Шамақайұлы
- B) С. Қозыбаев
- C) Қ. Аллаберген
- D) А. Шәріп
- E) Ж. Нұсқабайұлы
- F) Б. Жақып
- G) Қ. Бекхожин

**Қазақ журналистикасының тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі

1. Дайджест ұғымы:

- A) Сыни мақалаларды топтастыру
- B) Әзіл-сықақ бағыттағы материалдар
- C) Айдарлар мен тақырыптар бойынша, уақыттық ерекшеліктер бойынша шығарады
- D) Әр түрлі ақпарат көздерінен жиналған, кейде маңызды жерлері ғана берілетін басылым
- E) Тосын оқиғалар топтамасы
- F) Басылымдардан көшіріп басылатын материалдар

2. Репортаждың айқын белгілері:

- A) Детальдар айқындығы
- B) Ресми сипатта
- C) Авторлық секемшілдік
- D) Кеңейтілген ақпарат
- E) Лирикалық толғаныстар
- F) Топтастырылған ақпарат

3. Қойылымдық репортаж белгілері:

- A) Жеделдік сипаты талап етілмейді
- B) Полемика
- C) Аудиторияны сергіту, бос уақытын ұйымдастыру
- D) Қатысу эффектісінің болуы
- E) Мультимәдениетті насихаттайды
- F) Сценарийлық дайындықты талап етеді
- G) Әртүрлі тараптың пікірі

4. Жанр ретінде сұхбат:

- A) Хабарлама
- B) Уәжді талдау
- C) Сөз басы
- D) Түйін жасау
- E) Фактілер тізбегі
- F) Әлеуметтік жүйенің бір бөлігі

5. Әңгіме жанрының табиғаты:

- A) Оқиғаның үстірт картинасы
- B) Ғылыми-теориялық басқосулар
- C) Белгілі бір кездейсоқ жағдайға байланысты қорытынды
- D) Көпшілікке арналған үгіттің басты формаларының бірі
- E) Оқиға мен фактінің саны мен сапасына иек артады
- F) Терең зерттеу негізінде туған ой-пікірлер
- G) Жол-жөнекей әңгімелесу

6. Сатиралық жанрлардың түрлері:

- A) Очерк
- B) Сенсация
- C) Мақтау өлең
- D) Памфлет
- E) Шарж
- F) Брифинг

7. Журналистік айғақтаманың жиі кездесетін жанрлары:

- A) Зерттеу-рецензия
- B) Зерттеу-суреттеме
- C) Зерттеу-репортаж
- D) Зерттеу-портрет
- E) Зерттеу-монолог

8. Абай «Екінші қара сөзінде» мына ұлттардың әрекетін үлгі етіп, қазақты сынайды:

- A) Татар
- B) Орыс
- C) Сарт
- D) Өзбек
- E) Тәжік

9. Әл-Фарабидың саяси пікірлері баяндалған еңбектері:

- A) Танымның бастамасы туралы трактат
- B) Бірінші философия туралы метафизикалық ойлар
- C) Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы
- D) Бір кем дүние
- E) Адамның ақыл-ойы туралы тәжірибе
- F) Азаматтық саясат

10. Түсініктеме (комментарий) түрлері:

- A) Дәстүрлі түсініктеме
- B) Полярлы түсініктеме
- C) Түсініктеме трансформациясы
- D) Технологиялық түсініктеме
- E) Кеңейтілген түсініктеме
- F) Маманның түсініктемесі

11. Негізгі деректерді жан-жақты қарастыра отырып, оның негізгі мәнін жоғалтпай автор өз пікірін, өз көзқарасын білдіретін жанрлар:

- A) Корреспонденция
- B) Хабар-ошар
- C) Эссе
- D) Репортаж
- E) Комментарий
- F) Суреттеме
- G) Очерк

12. В.В. Ворошиловтың зерттеуі бойынша 1975 жылғы еңбектерінде В. Афанасьев журналистика функцияларын осылай көрсеткен:

- A) Ұйымдастырушылық
- B) Регулятивтік
- C) Саралаушылық
- D) Ақпараттық
- E) Гедонистік

13. Публицистиканың мақсаты:

- A) Оқырмандарға берер әсерін сөз етумен шектелуі
- B) Шығарманың әдеби нормаға сай/сай емес екенін айтумен шектелуі
- C) Баспагерлік шеберлік тұрғысынан қарастыруы
- D) Қоғамға шындықты дерек негізінде беруі
- E) Қоғамдық ортадағы шындықты талдауы
- F) Насихаттау және алдыңғы тәжірибені таратуы

14. Рецензия түрлері:

- A) Рецензия - очерк
- B) Рецензия - фельетон
- C) Рецензия – сілтеме
- D) Рецензия – құлаққағыс
- E) Рецензия – стенд-ап

15. Портреттік суреттеме шеберлері:

- A) М.Әуезов
- B) Б.Кулеев
- C) С.Көбеев
- D) С.Ерубәев
- E) С.Мұқанов
- F) С.Торайғыров

16. Мерзімді басылымдардағы мәтін бөліктерінің ішкі құрылымы:

- A) Гедонистік бөлік
- B) Рекреативті бөлік
- C) Функционалды бөлік
- D) Визуалды бөлік
- E) Сілтемелі бөлік
- F) Тақырыптық бөлігі

17. БАҚ жұмыстары журналистика инфрақұрылымымен қамтамасыз етіледі:

- A) Ақпараттық
- B) Жалпы саясаттық
- C) Құқықтық
- D) Нұсқаушылық
- E) Үгіттеушілік

18. Қазақтың классик жазушыларының очерк жанрындағы туындылары:

- A) Б.Майлин. Күлпәш
- B) Ә.Кекілбайұлы. Ханша дария хикаясы
- C) С.Мұқанов. Қашқар қызы
- D) І.Жансүгіров. Жол аузында
- E) Б.Майлин. Алыптарды аралағанда
- F) Ә.Әлімжанов. Сувенир из Отырара
- G) Ә.Әлімжанов. Дихан туралы аңыз

19. Газет жолдарында кездесетін суреттеме түрлері:

- A) Деректі суреттеме
- B) Портреттік суреттеме
- C) Табиғат суреттемесі
- D) Хроникалық суреттеме
- E) Маңызды суреттеме
- F) Хаттамалық суреттеме
- G) Оқиғалық немесе репортаждық суреттеме

20. Ақпарат түрлері (Е.П.Прохоров):

- A) Екіұшты
- B) Тұжырымды
- C) Қорытынды
- D) Көпсатылы
- E) Байыпты
- F) Жағымды
- G) Жасырын

21. Журналистикада ақпарат үш тұрғыда қарастырылады, олар:

- A) Валюативті
- B) Синтактикалық
- C) Нормативті
- D) Семантикалық
- E) Прагматикалық

22. Бүгінгі басылымдардағы болжау жанрының әдістері:

- A) Индукция
- B) Талдау
- C) Сценарий әдісі
- D) Экстраполяция
- E) Аналогия(ұқсастық)

23. Фельетонның жанрлық табиғатының бастаулары(Л.Е.Кройчик):

- A) Сатиралық
- B) Логикалық
- C) Ағартушы-философиялық
- D) Сыни-сараптамалық
- E) Публицистикалық
- F) Танымдық
- G) Көркемдік

24. Л.Е.Кройчиктің пікірінше публицистикалық мәтіннің маңызды компоненттері:

- A) Жаңалық немесе орын алған проблема туралы хабарлама
- B) Пікірлер плюрализмі
- C) Оқиғаны жекелеген немесе толықтай талқыға салу
- D) Композициядағы тұрақтылық пен нақтылық
- E) Образдылық пен түсініктің сәйкес қарым қатынасы
- F) Әсіреленген образ
- G) Аудиторияға эмоционалды тұрғыдан әсер ету әдістері

25. Талдамалы журналистиканың мақсаты:

- А) Қоғамдық мәселелерді сырттай емес, өмірмен, тәжірибемен ұштастыра отырып баяндау
- В) Публицистикалық шығармалар жиынтығын ерекшеліктеріне қарай сараптау
- С) Сарапталған оқиғалардың, құбылыстардың, әрекеттердің жеке адам, әлеуметтік топтар, қоғам үшін маңызын ашып көрсету
- Д) Уақыт пен кеңістік аясында өтіп жатқан құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау
- Е) Талдап отырған құбылыстарға орай жүзеге асырылатын әрекеттердің мүмкіндігінше бағдарламасын (жоспарын, балама нұсқаларын) жасау

**Қазіргі журналистиканың жанрлық түрі мен қызметі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Телерадиожурналистика

1. Радиотыңдаушылар ықыласын игерудің кезеңдері:

- A) Біраз үнсіздіктен кейін естілген диктор үні немесе музыка
- B) Радиожурналистің бұрыннан қалыптасқан тәжірибесі
- C) Журналистік этиканы сақтау
- D) Екіжақты байланыс орнату
- E) Артық дыбыс шығармау
- F) Шындықты дәл бейнелеп беру
- G) Тыңдаушылар күткен көкейкесті тақырыпқа бару

2. Радионың бейнелеу құралдары:

- A) Тембр
- B) Интонация
- C) Монтаж
- D) Диктор үні
- E) Жағымды дауыс

3. 1920 жылдары қабылдаушы-таратушы радиостанциялар жұмыс істеп тұрған қалалар:

- A) Өскемен
- B) Алматы
- C) Талдықорған
- D) Астана
- E) Қарағанды

4. Қазақ ұлттық радиосының дамуына ат салысқан ардагер-радиожурналистер:

- A) Қ.Орманов
- B) Б.Жақып
- C) Ж.Қазыбеков
- D) А.Байтұрсынов
- E) Б.Кенжебаев

5. Зерттеуші М.Зарваның «Эфирдегі сөз» кітабындағы радио тіліне тән табиғи белгілер:

- A) Дауыстың шарықтауы
- B) Тембр
- C) Акустикалығы
- D) Синхрондылығы
- E) Пауза
- F) Дауыстың динамикалық диапазоны
- G) Сөйлеу актісінің қашықтығы

6. А. Байтұрсыновтың сөздің ұнамды шығуы үшін қойған шарттары:
- A) Тіл шұбалылығы
 - B) Тіл анықтылығы, тіл дәлдігі
 - C) Тіл ұнамдылығы
 - D) Тіл көрнектілігі
 - E) Сөз байлығы
 - F) Сөз қисындылығы
 - G) Сөз тапқыштығы
7. Электромагнитті дыбыс жазуға қажетті алғышарттар:
- A) Пауза жасау
 - B) Екпін
 - C) Жағымды дауыс
 - D) Әдеттерді шектеу, артық дыбыс шығармау
 - E) Интонация
 - F) Қажетті микрофон таңдау
 - G) Үнсіздік
8. Телесұқбаттың жанрлық түрлері:
- A) Оқиғалық
 - B) Тақырыптық
 - C) Проблемалық
 - D) Қойылымдық
 - E) Ақпараттық
9. Тәжірибелі журналистің сұқбат барысында қолданатын сәтті тәсілдері:
- A) Сұқбат алушымен отырғанда еркін атмосфера орнату
 - B) Көрерменді жақсылыққа тәрбиелейтін, дұрыс бағыт беретін сөзден бастау
 - C) Биліктегілермен жақсы қарым-қатынаста екенін айту
 - D) Талдау және қорытындылау аса маңызды рөл атқарады
 - E) Анекдот, қызықты, не күлкілі әңгіме айту
 - F) Әңгімені қоғам өмірінің маңызды мәселесінен бастау
10. Телекомментарийдің өзіндік белгілері:
- A) Бір ғана нақты ойды дамыта түседі
 - B) Қандай да бір оқиға бойынша автордың өзінің көзқарасын береді
 - C) Тек ақпарат береді
 - D) Баспасөзге тән
 - E) Жедел сараптамалық материал
 - F) Деректер топтастырылады
 - G) Негізіне авторлық баға беру және сараптама жасау жатады

11. Бұқаралық ақпарат құралдарының өзара байланысын көрсететін жайттар:

- A) Интернет – ақпаратты сан қырынан көрсетеді
- B) Газет-журнал – деректі, оқиғаны талдап, түсіндіреді
- C) Ұдайы ақпараттық алмасу жүріп жатады
- D) Телевизия – оқиғаны, болмысты көрсетеді
- E) Жанрлар мен пішіндер ортақ
- F) Радио – ақпарат таратады, құлақтандырады
- G) Бірін-бірі мамандармен толықтырып отырады

12. Көркем радиоочерк сипаты:

- A) Мінездердің типтілігі, суреттеу құралдарының толыққанды көркемділігі ескеріледі
- B) Көңіл көтерушілік сипаттағы жанр
- C) Әлеуметтік топтардың рухани мүддесін қорғау
- D) Тақырыптың дамуымен ерекшеленеді
- E) Кейіпкерлері тарихта болған, оқиғалы туынды

13. Портреттік телеочерк сипаты:

- A) Сөзге шебер адамдардың бейнесін ашу
- B) Өмірден түнілген адамдарды бағдарламаларға тарту
- C) Ұзақ бақылау, портреттік сұхбат, «жасырын камера», мұрағат кадрлары арқылы жүзеге асуы да мүмкін
- D) Кейіпкер әрекетінің әлеуметтік мағынасын ашады
- E) Автор өз кейіпкерінің өмірін жан-жақты пайымдап, оның әрекеттерінің, жеке тұлғалық қасиеттерін тереңінен ашуға тырысады

14. Табиғатына сәйкес тақырыптың түрлері:

- A) Сараптамалық сипаттағы тақырып
- B) Автор көзқарасын білдіретін тақырып
- C) Оқырманды еліктіретін қызықты тақырып
- D) Көпшілікке жауыр болған тақырып
- E) Ойдан құрастырылған тақырып
- F) Мәтіннің көлеміне байланысты қойылатын тақырып
- G) Белгілі мақсатта қойылатын тақырып

15. Радиосұхбатқа тән элементтер:

- A) Сұхбатқа келген кейіпкер сұрақтарға дөп басып жауап бере алмаса, сұхбаттан бас тарту
- B) Радиосұхбаттың телевизиялық нұсқасын қатар дайындау
- C) Кездесу белгіленген мөлшерден аспасын
- D) Сұхбат 5-6 сұрақтан құралады
- E) Әңгімелесушінің пайымдауын міндетті түрде тыңдау
- F) Көлемі екіден сегіз минутқа дейін созылады

16. Телеочерк ерекшеліктері:

- A) Этикалық нормадан ауытқуға болады
- B) Шынайы өмірді сол күйінде көрсетеді
- C) Операторлық тапқырлық
- D) Шынайы өмір ақиқатын жасау
- E) Бұрын болған деректерді жаңғыртып беру

17. Шолушы мамандығын анықтайтын сипаттар:

- A) Өзіндік ойларға, батыл болжамдарға бай, өмірлік құбылыстарға баға беруде көзге түсе алатын тұлға
- B) Бір сала бойынша шешуі қиын проблемалар туралы ой-пікір айта білу
- C) Бейне мен сөздің, музыка мен шудың үйлесімділігін дәл айқындау
- D) Студияға шақырылған қонақтардың сөздерін таспаға жазу
- E) Хабарларды жазу және көшіріп жазу, монтаждау
- F) Негізгі жұмысының шарттары: сюжет мазмұны, бейнелеу кадрларын орынды қолдану, ішкі ырғақтың болуы
- G) Студияда сұхбатты жүргізуші негізгі маман

18. Сөзбен жұмыс істегенде журналистің алдындағы міндеттері:

- A) Сөздің оқу мақамын дәл табу
- B) Тыңдаушы күткен мәселелерді сөз ету
- C) Қөркемдеу тәсілдерін қолдану
- D) Музыканы орынды қолдана білу
- E) Кідіріс жасау
- F) Оқиғаны сөзбен дәл, нақты суреттеп жеткізе білу

19. Микрофондар қолданылу қызметіне қарай бөлінеді:

- A) Радиотелеграфия
- B) Көмір ұнтақты
- C) Өуе қабатындағы дыбысты жазатын құрал – эйрфон
- D) Хром ұнтақты
- E) Су асты тербелісін жазатын құралдар – гидрофон
- F) Темір қосындысы бар – феррафон

20. В.В.Ворошиловтың конфликтілерді топтастыруы:

- A) Көрініс табу деңгейіне орай
- B) Ұзақтығына қарай
- C) Зерттелуіне қарай
- D) Таралу көлеміне қарай
- E) Көрініс табатын салаларына орай
- F) Шығу тегіне орай

21. Үйлесімді диалог құру заңдылықтары:

- A) Әңгіме жарасымдылығы үйлесімділігі, жақын байланыс орнату
- B) Жақындау, қашқақтау
- C) Сөздің эмоционалдығы, көңіліңнің толуы
- D) Нақтылық принципі, сөздегі қозғалыстың бағдарын жобалау
- E) Таңдау
- F) Мұқият тыңдау

22. Радиоқойылымды монтаждаудың мүмкіндіктері:

- A) Бұл – радиодраматургтың өз шығармашылығы
- B) Дыбыстық эпизодтарды бір орыннан екінші орынға ауыстыру
- C) Сөз, шу, музыканы араластырып, бір мезгілде қатар қолдану
- D) Монтаж - тек тек техникалық мүмкіндік
- E) Хабардың жекелеген детальдарын тұтас дыбыстық лентаға жинақтау

23. «Азаттық» радиосында қызмет атқарған тұлғалар:

- A) С.Қозыбаев
- B) Д.Тағыберлі
- C) М.Барманқұлов
- D) Қ.Бекқожин
- E) Н.Омашев
- F) Б.Жақып

24. Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы өзінің ақпараттық саясатын насихаттайтын деңгейге жету үшін қолға алатын шаралары:

- A) Идеологияның кейбір аспектілеріне қатысты мәселелерді Қазақстанда да ерекше зерттеу қажет
- B) Қазіргі жалпы отандық радиобағдарламалар кестесін мемлекеттік (ұлттық) идеологиялық және қазақтілді әлеуметтік сұраныс негізінде қайта түзу
- C) Әр жыл сайын радиотілшілердің біліктілігін арттыру
- D) Көпұлтты Қазақстан мемлекеті үшін қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті сақтап, оны әрі қарай нығайту
- E) Тыңдарманмен қарым-қатынас тәсілдеріне сай жаңғырған радиоқұрылым жасау
- F) Үш тілді радиобағдарламаларды ашу

25. Дыбыс процестеріне жататын міндеттер:

- A) Панораманы кеңіту, дыбыстың шекарасын, ауқымын кеңіту
- B) Радиотуындының жиынтық композициясын жасау
- C) Музыкалық хабардың сан-салалығын қамтамасыз ету
- D) Цифрлы сигнал сапасы
- E) Радиотарату ісін автоматтандыру
- F) Кадрдан тыс дауысты жазу

**Телерадиожурналистика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Интернет – журналистика және жаңа медиа

1. Интернет тұтынушысы ақпаратты таңдай алады:

- A) Тындау арқылы
- B) Онлайн сұрақ-жауапқа қатысу арқылы
- C) Ақша аудару арқылы
- D) Электронды почта e-mail арқылы
- E) Демалу арқылы
- F) Дауыс беру арқылы

2. Конвергентті журналистика:

- A) Қауіпсіздіктің қосымша шарасы
- B) БАҚ-тың барлық түрінің ерекшеліктерінің қамтылуы
- C) Кеурасс-тағы Тгисурт енгізген паролі
- D) Әр түрлі форматтағы жаңалықтарды даярлайтын редакция
- E) Интернет, радио, телевизия, баспасөз функцияларының бірігуі

3. Ақпарат «латын» тілінен аударғанда:

- A) мағынасыз көп сөз
- B) мазмұндау
- C) түсіндіру
- D) қоғамның пікірі
- E) бейнелеу
- F) сипаттау

4. BarCamp (баркемп) түсінігі

- A) (Бей) конференция
- B) Шараға тек БАҚ ғана қатысады
- C) Арнайы ұйымдастырылатын медиатур
- D) Дөңгелек үстел
- E) Мәдениет саласын дамыту
- F) Пиар мақсатында жүзеге асатын іс-шара

5. Интернеттегі бірінші деңгейлі домендер:

- A) fu
- B) ru
- C) wt
- D) ww
- E) dp
- F) gt

6. Мультимедиалық журналистиканың құралдары:

- A) хабарлама
- B) чат
- C) аудио, видео
- D) анимация
- E) ақпарат, мәтін

7. Блогты жүргізу:

- A) Ғаламдық аудиториямен қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігі
- B) Ықпал жасау
- C) Көпшілік аудиторияға бағытталған баспасөз үні
- D) Күнделік жүргізу жүйесіне ұқсас іс-әрекет
- E) Жазба жазу арқылы шыңдалу
- F) Өзіме етене жақын кейбір мәліметтермен бөлісу
- G) Жекелей әсерлері мен өмірде болып жатқан өзгерістеріңді өзгелермен бөлісу

8. Жаһандық желінің журналистикаға әкелген жаңалығы:

- A) шектеусіз ақпарат қоры
- B) қоғамдық пікір туғыза алады
- C) қоғамның журналистикаға сенімсіздігін
- D) жаңа технология мүмкіндіктері
- E) интерактивтілік, дербестік
- F) инфографика жасау мүмкіндігі

9. Интернет журналистикадағы талдамалы жанр түрлері:

- A) баспасөзге шолу
- B) фельетон, сатира
- C) памфлет, сұрақ-жауап
- D) корреспонденция, мониторинг
- E) пародия, аңыз-әңгімелер
- F) эпитафия, очерк

10. Корпоротивтік ғаламтор беттері:

- A) <http://www.enu.kz/>
- B) <http://www.massaget.kz/>
- C) <http://www.bloqtime.kz/>
- D) <http://www.aitaber.kz/>
- E) <http://ustaz.kz/>
- F) <http://bilimsite.kz/>

11. Livejournal 2005 жылы блоггерлер арасында жүргізген сауалнамасы іс жүзінде блогтардың келесі функцияларын ерекшелеген:

- A) Оқу-көңілдену
- B) Негізгі контентке басқа сайттарға комментарий арқылы өткен сілтемелер болып табылады
- C) Ақпаратты алу
- D) Коммуникативтік
- E) Ғұмырнама
- F) Рефлексия мен өздігінен даму

12. «Қазконтент» компаниясының жасаған ең ірі интернет жобалары:

- A) egemen.kz
- B) adebiportal.kz
- C) aikyn.kz
- D) baq.kz
- E) kaztube.kz
- F) e-history.kz
- G) dmk.kz

13. 24.kz телеарна сайтына тиісті мәліметтер:

- A) «Ашық әңгіме» интернет жобасы жұмыс атқарады
- B) Эфирге 2012 жылдың 1 қыркүйегінде шықты
- C) С.Әбікенұлы басқарады
- D) 40-тан астам ақпараттық-тақырыптық тележоба көрермен назарында
- E) «Тіл сақшысы» бағдарламасы бар
- F) Ж.Байсемізова аталған телеарна продюсері
- G) 2010 жылдан бері жұмыс жасап келеді

14. DNS- бұл:

- A) желілік жүйеде қарым –қатынасты қамтамасыз етуші
- B) жүйенің өшірілген серверіне қосушы
- C) жүйенің маршруттарды реттеу
- D) домендер туралы ақпаратты алуға арналған жүйе
- E) интернет-ресурстарға арналған атаулар жүйесі
- F) IP- адресстерді жинақтаушы жүйе

15. Танымал блоггер Алекс Говардтың журналистерге блог жүргізу жөніндегі кеңесі:

- A) Жазбаңыз қысқа әрі нұсқа болсын
- B) Әрбір дерегіңіздің дәйегі мен дәлелі болсын
- C) Пікірлерге мониторинг жүргізіңіз
- D) Сілтемелерді қолданыңыз
- E) Өз үніңізді табыңыз

16. Akismet түсінігі:

- A) сайт
- B) мониторинг
- C) спам-сүзгі
- D) плагин
- E) сайт қорғаушы сервис

17. AdWords түсінігі:

- A) Хабарландырулар қоя алмайды
- B) баспагерлер қаражат төлемейді
- C) Google базасындағы жарнамалық сервис
- D) Компания жобаларына қатысты емес
- E) Вебсайттар көмегіне жүгінбейді

18. «Нұр Медиа» холдингінің теле-радио сайттары:

- A) ns.kz
- B) kaztrk.kz
- C) energyfm.kz
- D) classicfm.kz
- E) kazradio.kz

19. Подкастинг:

- A) Жаңалықтар бөлімі
- B) Ақылы қызмет түрі
- C) Тек ақпаратқа арналған сайт
- D) Сайтыңыздың интернеттегі орны
- E) Материалдарыңыздың арнайы серверлерде сақталуы
- F) Сізге қажет бір не бірнеше аудио және видеофайлды сайттан автоматты түрде көшіріп алу
- G) Ақпаратты иеленудің оңай жолы

20. «Гиперсілтеме» ұғымының анықтамасы:

- A) Тақырыпта қолданылады
- B) Тег түсінігіне сай келеді
- C) Интернетте мәлімет беруді оңтайландыру мақсатында керек
- D) Кітап баспасында редакциялауда кездеседі
- E) Интернетте мақала жазған кезде қолданылады
- F) Газет-журналдардың дизайнында қолданады
- G) Мега-тег түсінігін меңзейді

21. Интернет жарнаманың негізгі сипаты:

- A) тек мониторингке керек
- B) идеясы түсінікті болу қажет
- C) тек аудио дыбыспен жазылу керек
- D) әріптік қателер болу керек
- E) стилі анық болу керек
- F) көркемдік сапасы жоғары болу керек
- G) күн сайын монтаждауды қажет етеді

22. Google adwords қызметінің сипаты:

- A) статистика жүргізе алмайсыз
- B) сайтыңызды іздеу нәтижесінің алғашқы немесе соңғы үштігіне ақылы түрде шығарады
- C) аналитика жасауға шектеу қойылған
- D) рейтингтік сараптама мүмкін емес
- E) google іздеу жүйесімен келісімшарт негізінде жұмыс істейді

23. APRANET сайтына қатысты деректер:

- A) XX ғ-ң 60 жылдарында құрылды
- B) Шамамен 100 млн. бейнежазба сақталды
- C) Онда минутына алпыс сағат видео жүктеледі
- D) Әлемдегі ірі видео хостингтердің бірі
- E) Пентагон тапсырмасы бойынша құрылды

24. 2007 ж. «Nielsen Online» сервисінің қызметі:

- A) Liveinternet ресурсын иеленеді
- B) BuJournal ресурсын иеленеді
- C) Жарнама статистикасын ұсынады
- D) Онлайн аудитория жөнінде сараптама береді
- E) Diary.ru сайтын жарнамалайды
- F) Тұтынушы белсенділігі туралы ақпарат береді
- G) Myliverpage.ru сайты үшін контент әзірлейді

25. Интернеттегі мұрағаттың шынайы мұрағаттан артықшылығы:

- A) Ақпараттардың іріктелуінің жоқтығы
- B) Жалпыға қолжетімділігі
- C) Ақпараттың 5-10 жылға дейін ғана сақталуы
- D) Деректер табу базасы
- E) Диаграммалар жасау сайты
- F) Диаграммаларды тақырыппен сұрыптап, орналастыру
- G) Диаграмма арқылы ақпарат тарату

**Интернет – журналистика және жаңа медиа
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**